

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балаларға қосымша білім берудегі туристік-өлкетану  
бағыты бойынша білім беру бағдарламалары**

Әдістемелік ұсынымдар

**Образовательные программы по туристско-  
краеведческому направлению дополнительного  
образования детей**

Методические рекомендации

**Астана, 2015**

**«Балаларға қосымша білім берудегі туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламалары» әдістемелік ұсынымдар (әдістемелік ұсынымдар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК– Астана, 2015 жыл – 171 б.**

**Методические рекомендации "Образовательные программы по туристско-краеведческому направлению дополнительного образования детей" (методические рекомендации) – «Республиканский учебно- методический центр дополнительного образования – Астана, 2015 год – 171 стр.**

**Рецензенты:** Фомин В.П., к.п.н.  
Пирсаидова Г.А., к.г.н.  
Никитинский Е.С., д.п.н., доцент.

Әдістемелік ұсынымда балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша қосымша білім беру педагогтерінің авторлық бағдарламаларының озық тәжірибелері ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру үдерісіндегі мәдени білім беру, әлеуметтік-педагогикалық жобалау және құзыреттілік модель контекстіндегі туристік-өлкетану іс-шаралары мазмұнын жаңартуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне және педагогтеріне ұсынылады.

В методических рекомендациях представлен лучший опыт работы педагогов дополнительного образования, авторские образовательные программы по данному направлению.

Методические рекомендации будут способствовать обновлению содержания туристско-краеведческих мероприятий в контексте культурно-образовательного и социально-педагогического проектирования и компетентностной модели образовательного процесса.

Предлагаемый материал адресован руководителям организаций дополнительного образования, методистам, педагогам дополнительного образования.

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады  
(2015 ж.21.05. № 2 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом  
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования  
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2015

## МАЗМҰНЫ

1.	Кіріспе	4
2.	«Су туризмі» үйірмесінің оқу бағдарламасы	6
3.	«Спорттық бағдарлау» үйірмесі бағдарламасы	13
4.	«Таулы туризм» үйірмесінің оқу бағдарламасы	18
5.	«Жартасқа өрмелеу» үйірмесінің оқу бағдарламасы (Беляков С.А.)	28
6.	«Жаяу туризм» үйірмесінің оқу бағдарламасы	33
7.	«Кіші туризм» үйірмесінің оқу бағдарламасы (мектепке дейінгі кезең) (Шаяхметова Г.М.)	43
8.	«Спелеотуризм» үйірмесінің оқу бағдарламасы (Велижанин В.А.)	55
9.	«Эколог-өлкетанушы» үйірмесінің оқу бағдарламасы (Пирсаидова Г.А.)	61
10.	«Туризмнің жас нұсқаушылары» үйірмесінің оқу бағдарламасы	68

## СОДЕРЖАНИЕ

1.	Введение	78
2.	Учебная программа кружка «Водный туризм»	80
3.	Учебная программа кружка «Спортивное ориентирование»	89
4.	Учебная программа кружка «Горный туризм»	96
5.	Учебная программа кружка «Скалолазание» (Беляков С.А.)	111
6.	Учебная программа кружка «Пешеходный туризм»	117
7.	Учебная программа кружка «Малый туризм» (Шаяхметова Г.М.)	131
8.	Учебная программа кружка «Спелеотуризм» (Велижанин В.А.)	145
9.	Учебная программа кружка «Экологи-краеведы» (Пирсаидова Г.А.)	153
10.	Учебная программа кружка «Юные инструкторы туризма»	161

## Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған жылдағы жолдауында білім беру мазмұнын жас ұрпақтың ұлттық санасын көтеру, отансүйгіштік қасиетті және белсенді азаматтық ұстанымды жетілдіру арқылы жаңғыртуға ерекше мән беріп келеді. Оның ішінде жалпыұлттық құндылықты, туған өлкені танып, зерттеу арқылы Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үлкен мәнге ие. Мемлекетіміз ішкі туризм және туристік мәдениетті қалыптастыру, студенттер және балалар мен жасөспірімдер спортын, салауатты өмір салтын дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді.

Баланы жеке тұлға ретінде оқыту мен тәрбиелеу ісінде үкіметтің қойған міндеттерін орындауда бүгінгі қосымша білім беру ұйымдарына зор міндеттер жүктеліп отыр.

Оқушылардың туристік-өлкетану қызметі – тұлғаны қалыптастыруға әсер ететін кешенді тәрбиенің бір түрі. Балабақша, мектеп, қосымша және кәсіптік білім беруде мектеп туризмі басты роль атқарады және барлық сатының өзіне тән міндеттері мен мақсаттары айқындалған.

Астана мектептерінде оқушыларды бағдар алды дайындығын белсендіруде осы жинаққа енгізілген авторлық бағдарламалар жасақталуда.

Жинаққа 9 бағдарлама төмендегі бағыттар бойынша енгізілген: су туризмі, спорттық бағдарлау, тау туризмі, жартасқа өрмелеу, жаяу туризм, кіші туризм, спелеотуризм, эколог-өлкетанушы, туризмнің жас нұсқаушылары.

Бағдарламалар ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 449 қаулысымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережесі негізінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру мекемелері қызметі түрлерінің типтік ережесіне сәйкес әзірленген.

Типтік ережеге сәйкес апталық сағат жүктемелері былайша қарастырылған: бірінші оқу жылындағы топтарға аптаға 4 академиялық сағат, (жылға 144 сағат) екінші одан кейінгі оқу жылына аптасына 6 академиялық сағат (жылға 216 сағат), тәжірибелік және зерттеуші топтарға аптаға 8 академиялық сағат (жылға 288 сағат) мектеп жасына дейінгі балаларға 2 академиялық сағат аптасына (жылға 72 сағат) Бағдарламада теориялық, практикалық сабақтар, саяхаттар, зерттеу жұмыстары қамтылған. Оқу жылының қорытындысында оқу сағаты шеңберінде сынақ жорықтары, көпкүндік слеттер өткізу жоспарланған.

Бағдарламада оқушыларға өздерінің өлкесі туралы мәлімет алу жолдары, зерттеу жұмыстары, алғашқы көмек көрсету, туристік қызметтің түрлері туралы мағлұмат беру жоспарланған.

Бағдарлама жалпы білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, қосымша білім педагогтеріне, үйірме жетекшілеріне, бағдарлы білім беретін ұйым студенттеріне (колледж, ЖОО) арналған.

## «Су туризмі» үйірмесінің оқу бағдарламасы

### Түсінік хат

Мектеп туризмінде ескекті қайықта саяхат жасау маңызды орын алып келеді. Суда жорық ұйымдастырушылардың саны жылдан-жылға өсіп келеді.

Суда, таза ауада саяхаттау, суға шомылу, балық аулау – осының бәрі денсаулыққа жақсы әсер етеді. Су жорығы бірігіп қиындыққа қарсы тұруға, ұйымшыл болуға, тәртіпті болуға, өзара көмектесе білуге, шыдамды болуға тәрбиелейді.

Бағдарлама үйірмелерде, секцияларда оқытылады және екі оқу жылына арналған. Соңынан оқу-жаттығу саяхаты өткізіледі.

Су туризмі саяхатшыларын даярлау жылжымалы немесе туристік лагерьдің стационарлық базасында өткізілуі мүмкін.

Сабақ оқу кестесіне сай теориялық, практикалық үдерістерді пайдаланып, күнтізбелік жоспар негізінде бір, екі, үш күндік жорықтар ұйымдастыру арқылы өткізіледі. Барлық оқу-тәрбие жұмысына үйірме жетекшісі арнайы мамандарды тарта отырып, жетекшілік жасайды.

Оқу процесі аяқталып, белгіленген қосымша талаптар орындалғанда, даярлық бағдарламасына сай оқушыға су туризмінің кіші нұсқаушысы атағы беріледі.

### «Су туризмі» үйірмесі бағдарламасының оқу-тақырыптық жоспары 1-оқу жылы

№	Тақырыптар	Сағат саны		
		Барлығы	Теория	Практика
1.	Қазақстандағы бұқаралық туризм. Су туризмінің негіздері	2	2	-
2.	Жергілікті жерде су туризмін дамытудың мүмкіндіктері	2	2	-
3.	Су туризмінің ерекшеліктері (18 сағ.)			
3.1	Су туризмінің ерекшеліктері	4	2	2
3.2	Толқынға қарсы қозғалу тәсілдері	8	4	4
3.3.	Толқынға қарсы қозғалу тәсілдері	6	2	4
4.	Су саяхатына арналған құрал-жабдықтар (24 сағ.)			
4.1	Су саяхатына арналған құрал-саймандар	8	4	4
4.2	Суда жүзу құралдарының түрлері	8	4	4
5.	Су саяхатында тамақтану	8	4	4
6.	Су жорығы кезінде тоқтау және түнеу (16 сағ.)			

6.1	Су жорығы кезінде түнемелік орынды таңдау ерекшеліктері	8	2	6
6.2	Су жорығы кезінде түнемелік орынды таңдау ерекшеліктері	8	2	6
7.	Жергілікті жерді топографияға түсіру және бағдарлау (18 сағ.)			
7.1.	Топография туралы түсінік, шартты белгілер	4	2	2
7.2	Топографияның түрлері, қолдану тәртібі	4	2	2
7.3	Бағдарлау түсінігі, оның түрлері	4	2	2
7.4	Жерді бағдарлау	6	3	3
8.	Қозғалыс түрлері және кедергілер (16 сағ.)			
8.1	Қозғалыс тәсілі	6	3	3
8.2	Қолдан жасалған кедергілер	6	3	3
8.3	Лоцийді оқу	4	2	2
9.	Су туризмінің әдістері мен тәсілдері (26 сағ.)			
9.1	Су туризмінің әдістері			
9.2	Су туризмінің тәсілдері	8	3	5
10.	Су жорығындағы қауіпсіздік ережелерін қамтамасыз ету	10	5	5
11.	Алғашқы медициналық көмек көрсету (14 сағ.)			
11.1	Алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі тәсілдері	2	2	
11.2	Жорықтағы алғашқы көмек	6	3	3
11.3	Саяхатшының тазалық гигиенасы	6	3	3
12.	Жорық кезінде қоғамдық-пайдалы еңбек (8 сағ.)			
12.1	Жорық кезіндегі өлкетану жұмыстары	4	2	2
12.2	Жорық кезіндегі қоғамдық-пайдалы еңбек	4	2	2
	<b>Барлығы</b>	<b>144</b>	<b>68</b>	<b>76</b>

### «Су туризмі» үйірмесі бағдарламасының мазмұны (1-оқу жылы)

**Қазақстандағы бұқаралық туризм.** Су туризмі несімен қызықты, несімен пайдалы? Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің мақсаты мен міндеттері: патриотизмге тәрбиелеу, мектептегі білімді тереңдету, денені шынықтыру, қоғамдық-пайдалы жұмыс атқару, зерттеу жұмысының сырына үңілу. Туризм түрлері: жаяу, тау, су, шаңғы, велосипед т.б. олардың ерекшеліктері, артықшылықтары. Туризмнің дәстүрлері. «Жас турист» және «Қазақстан туристі» төс белгілері. Спорттық туризмге қойылатын талаптар.

**Туған өлкеде су туризмін дамытудың мүмкіндіктері.** Өлкенің шекарасы, географиялық орналасуы. Су қоймалары, өзендері, өсімдіктер әлемі, хайуанаттары, пайдалы қазбалары, экономикасы, халқы. Туған өлкенің тарихынан қысқаша сыр. Тарихи жерлері, саяхат

нысандары және қорықжайлар. Туған өлкеге бір күндік, екі күндік, үш күндік, көпкүндік жорық бағыттары. Туған өлке туралы әдеби мағлұматтар.

**Су туризмінің ерекшеліктері.** Су туризмінің артықшылықтары және кемшін тұстары. Саяхат тобын жасақтау. Топ ішінде міндеттерді өз ара бөлісу. Жорыққа дайындық және өткізу. Даярлық жоспары. Жорыққа шығар аймақ туралы алдын-ала мәлімет алу. Бағытты алдын-ала талқылау. Бағыттың баламалы нұсқалары. Жорықты қорытындылау, есеп тапсыру.

*Практикалық сабақтар: жорықтың жоспарын жасау, жорық аймағын алдын-ала зерттеу, бақылау жорықтары, жорық туралы есеп дайындау.*

**Су жорығына арналған құрал-саймандар.** Қайық түрлері: ескекті, катамаран. Оларды қолдану бағыттары, құрылымдары. Оларды жорыққа дайындау. Жүктің мөлшері. Жөндеу құралдары. Саяхатшының жеке құралдары, киім-кешекке қойылатын талаптар. Балық аулау құралдары. Құрал-саймандарды қайыққа реттеп салу тәртібі, құтқару құралдары, оларды сақтау жолдары.

*Практикалық сабақтар: қайықты бұзу, қайта жинау. Оларды алдын-ала жөндеу.*

**Жорық кезінде тамақтану.** Саяхат кезінде тұрмысты және тамақтануды дұрыс ұйымдастырудың маңызы. Ұсынылатын тамақ түрлері, тамақтану ережесі, тамақтың құнарлылығы. Тамақтың артық қорын дайындау. (жеміс-жидек, балық) Күнделікті жіберілетін тамақ өлшемі. Тамақты сақтау және жорық кезінде орналастыру. Азық-түліктің есебі.

*Практикалық сабақтар: жорық кезіндегі ас мәзірін дайындау, жорық барысында ас дайындау.*

**Су жорығы кезіндегі аялдама және түнеу.** Жағалауда аялдау, оның ұзақтығы, аялдаманы таңдау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, демалысты ұйымдастыру. Түнеу, қойылатын талаптар. Лагерьді ұйымдастыру: орын таңдау, жұмыс бөлу, отын дайындау, шатыр құру, масадан қорғану, құрал-саймандарды сақтау.

Алау, оның түрлері, алау жағуға керекті құралдар. Алау басындағы кезекшілік. Киімдерді кептіру. Табиғатты қорғау, тазалық сақтау.

*Практикалық сабақтар: лагерьге орын дайындау, жоспар құру, шатыр құру, отын әзірлеу, от жағу. Құрал-сайманды жөндеу.*

Картаның түрлері, ол туралы мәлімет. Масштаб, топографиялық белгілер, рельеф. Картамен жұмыс: бағдарлау, қашықтықты өлшеу. Жорық кезінде картаны сақтау. Компас. Жергілікті жерді бағдарлау: картамен, компаспен, жұлдызға қарап. Су үстінде қашықтық өлшеу, қызықты жерлерді картаға түсіру.



*Практикалық сабақтар: картамен жұмыс, бағдарлау, қашықтықты өлшеу.*

**Қозғалыс тәсілі, кедергілер.** Ескек есу әдісі: қолдың күші, аяқты қою. Негізгі қозғалыс түрлері: отырғызу, жағадан алыстау, жағаға жақындау, түсіру. Ағыстың түрлері. Кедергілерден өту жолдары (құм, тас, қамыс, қарсы жел, қабырғадан соққан жел).

Қалыпты кедергілерден өту (көпір, плотина, шлюз). Кедергіден өту кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қамтамасыз ету.

*Практикалық сабақтар: әр түрлі қозғалыс түрлерін меңгеру, қалыпты, қолдан жасалған кедергілерден өту.*

**Су жорығының тәсілдері мен әдістері.** Су жорығының тәсілдері туралы түсінік. Күн тәртібі. Қозғалыс кестесі. Экипажды қалыптастыру. Қозғалыс кезінде жетекшінің орны. Байланыс және дабыл. Жолды барлау. Тұман кезіндегі қозғалыс. Кедергілерден өту жолдары.

*Практикалық сабақтар: кедергілерді анықтау жолдары.*

**Алғашқы медициналық көмек көрсету, саяхатшының тазалық гигиенасы.** Апаттың түрлері, себептері. Су жорығында болған апаттарға сараптама. Қауіпсіздікті сақтауда жетекші мен саяхатшылардың міндеттері. Жорық алдында құрал-саймандарды тексеру, құтқарғыш құралдарды қолданып көру. Саяхат кезіндегі тәртіп мәселесі.

Құтқарушы командалар. Қиын жағдайға тап болғандарға көмек беру. Адамды су бетінен көтеріп алудың ережелері. Жорық алдындағы жаттығулар. Экипаждың қауіп-қатерге қарсы күрес кестесі. Қалыпты және қолдан жасалған кедергілерден өтуде сақтық шаралары. Таныс емес су қоймаларында суға түсу ережелері. Саяхатшының жеке бас тазалығы. Жүйелі түрде медициналық тексерістен жүйелі түрде өтіп тұру. Жорық кезінде өзін-өзі бақылау. Саяхат кезінде жарақат алу және сырқаттанып қалу жағдайлары. Олардың алдын алу және емдеу. Күйік шалғанда, қан кеткенде, сынықта, сүйек шығып кеткенде, сіңір созылғанда, күн тигенде, жылан шаққанда алғашқы көмек көрсету. Жорықтағы медициналық қорапша.

*Практикалық сабақтар: қатерлі сәт кезіндегі жаттығу. Әр түрлі кедергілер кезіндегі сақтану шаралары. Жарақат таңу, суға кеткенді құтқару, жасанды дем алдыру, жарақат алғанды тасымалдау.*

**Жорық кезіндегі өлкетанушылық, қоғамдық пайдалы еңбек.** Туған өлкені зерттеу, жорық кезіндегі ізденіс жұмыстары. Күнделік жүргізу, маршрутты сипаттау, құжаттарды жинақтау. Жиналған материалды сараптау. Жергілікті тұрғындармен жұмыс. Табиғатты

қорғау, өзен, көлдердің тазалығы. Экспедиция ұйымдастыру, республикалық жорықтарға қатысу.

*Практикалық сабақтар: ізденіс жұмыстары, жиналған материалды зерделеу.*

**«Су туризмі» үйірмесі бағдарламасының оқу-тақырыптық  
жоспары  
2-оқу жылы**

№	Тақырып	Сағат саны		
		Барлығы	Теория	Практика
1.	Қазақстандағы бұқаралық туризм. Су туризмінің негізі.	2	2	-
2.	Туған өлкеде су туризмін дамытудың мүмкіндіктері	10	10	-
3.	Су туризмінің ерекшеліктері (30 сағ.)			
3.1	Су туризмінің ерекшеліктері	6	4	2
3.2	Су кедергілерінің қозғалысы	12	6	6
3.3.	Су кедергілерін жоюдың әдістері	12	6	6
4.	Су туризмінің құрал-жабдықтары (42 сағ.)			
4.1	Су туризмінің құрал-саймандары	14	6	8
4.2	Суда жүзу құралдарының түрлері	14	8	6
5.	Су жорығында тамақтану	14	8	6
6.	Су жорығы кезіндегі аялдамалар мен түнеу (18 сағ.)			
6.1	Су жорығы кезінде аялдаманы таңдаудың маңызы	10	4	6
6.2	Су жорығы кезінде аялдаманы таңдаудың маңызы	8	2	6
7.	Топография және бағдарлау ( 16с)			
7.1.	Топография анықтамасы, шартты белгілері.	4	2	2
7.2	Топографияның түрлері, оны қолдану	4	2	2
7.3	Бағдарлау, қолдану жолдары	4	2	2
7.4	Жергілікті жерді бағдарлау	4	2	2
8.	Қозғалыс тәсілі және кедергілер (24 сағ.)			
8.1	Қозғалыс тәсілі	8	4	4
8.2	Қалыпты және қолдан жасалынған кедергілер	8	4	4
8.3	Лоции оқу	8	4	4
9.	Су туризмінің әдіс-тәсілдері (24 сағ.)			
9.1	Су туризмінің тәсілдері	8	4	4
9.2	Су туризмінің әдістері	8	4	4
10.	Су жорығы кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	8	4	4
11.	Алғашқы медициналық көмек көрсету, туристің тазалық гигиенасы (32 сағ.)			

11.1	Алғашқы көмек көрсетудің негізгі тәсілдері	10	6	4
11.2	Жорық кезіндегі алғашқы көмек	12	6	6
11.3	Саяхатшы туристің тазалық гигиенасы	10	4	6
12.	Су жорығындағы өлкетанушылық, қоғамдық-пайдалы еңбек (18 сағ.)			
12.1	Жорық кезіндегі өлкетану жұмыстары	10	4	6
12.2	Жорық кезіндегі қоғамдық-пайдалы еңбек	8	4	4
	<b>Барлығы</b>	<b>216</b>	<b>112</b>	<b>104</b>

## «Су туризмі» үйірмесі бағдарламасының мазмұны 2-оқу жылы

**Қазақстандағы бұқаралық туризм.** Қазақстанда туризмді дамыту тарихынан қысқаша мәлімет. Туристік саяхаттың құжаттары. Саяхат маршруттарын бекіту.

*Практикалық сабақтар: жорық құжаттарын дайындау.*

**Туған өлкеде су туризмін дамытудың мүмкіндіктері.** Өлке туралы мәліметтерге шолу.

*Практикалық сабақтар: 1 оқу жылында туған өлкеде өткізілетін бір күндік, екі күндік, үш күндік, көп күндік жорық маршруттарын жоспарлау.*

**Су туризмінің ерекшеліктері.**

Су туризмінің өзіндік ерекшеліктері. Белгіленген аймақ туралы алдын-ала ақпарат жинақтау, байланыс нүктесі, медициналық бекет. Маршрутты жоспарлағанда өзен ағысын, кедергілерді, ағыс жылдамдығын ескеру. Қозғалыс кестесі мен сызбасы. Маршруттың баламалы түрі. Жорық алды жаттығудың мазмұны мен кестесі. Жорықты қорытындылау, есеп беру.

*Практикалық сабақтар: белгіленген аудан туралы ақпарат жинақтау, маршрутты белгілеу. Екінші дәрежелі көпкүндік саяхат туралы есепке қажетті материалдарды жинақтау.*

**Су туризміне арналған құрал-саймандар.** Күрделі жорықтың алдында қайықты дайындау, жөндеу. Жорық кезінде желкенді қайықты пайдалану.

*Практикалық сабақтар: жорық алды дайындықтар.*

**Су жорығы кезінде тамақтану.** Дұрыс тамақтануды ұйымдастырудың маңызы. Жорыққа ұсынылған тамақ түрлері, тамақтың құнарлығы. Артық тамақ қорын жасау (саңырауқұлақ, жеміс, балық аулау) Күндік тамақ шығыны, жорық кезінде азықты сақтау. Тамақ шығынын есептеу.

**Су жорығы кезінде аялдамалар мен қону орны.**

**Барлау кезінде аялдамаларды пайдалану.** Ашық су қоймасы маңында, өзен жағасында күрке орнын белгілеудің ерекшеліктері.

*Практикалық сабақтар: лагерьдің орнын таңдау, жоспарлау, шатыр тұрғызу, отын дайындау, от жағу.*

**Топография және бағдарлау.** Өзенді суретке түсіру, сызбасын жасау.

Ағынның негізгі өлшемдері, орташа тереңдік, жылдамдық. Өзен аңғарының сипаттамасы. Ағынның негізгі заңдылықтары.

*Практикалық сабақтар: қатты су ағыны кезінде ескекті қайықта жаттығу.*

**Қозғалыс тәсілдері және кедергілер.** Ағынға қарай, желдің бағытына қарай ескек есудің тәртібі, демалу тәсілі. Ашық су қоймасында қозғалыс түрі. Күрделі кедергілерді айналып өту жолдары.

*Практикалық сабақтар: қатты ағынға қарсы жаттығу.*

**Су жорығының тәсілдері мен әдістері. Қалыптасқан жағдайға қарай қозғалыс кестесіне түзетулер енгізу. Түнгі кезеңдегі қозғалыс, топтың күнделікті жұмысын сараптау, келесі күнге жоспар жасау.**

*Практикалық сабақтар: алдын-ала күрделі жағдайда жаттығу, кедергілерден өту мүмкіндігін бағалау. Өтілген жолға сараптама жасау.*

**Алғашқы көмек көрсету және саяхатшының жеке бас гигиенасы.** Су жорығы кезінде жарақат алғанда берілетін алғашқы көмек, оны емдеу орнына жеткізу.

*Практикалық сабақтар: жараны таңу, тігу. Суға кеткенді құтқару әдістері, қолдан дем алдыру, зардап шеккенді тасымалдау.*

**Жорық кезіндегі өлкетанушылық, қоғамдық-пайдалы еңбек.** Туған өлкені зерттеу, ізденіс-зерттеу жұмыстары (күнделік жүргізу, маршрутты сипаттау, құжаттарды жинақтау) Жорық кезіндегі гидрологиялық бақылау. Жиналған материалды сұрыптау, өңдеу. Табиғатты қорғау, өзен-көлдердің тазалығы. Жорықты ұйымдастыру, берілетін тапсырмалар. Республикалық экспедицияға қатысу.

*Практикалық сабақтар: жорық кезіндегі өлкетанушылық жұмыстар, жиналған материалды сұрыптау.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Правила соревнований по технике водного туризма», Москва, 1975 год, Е.Ф. Андреев, С.А.Княжин.

2. «Обеспечение безопасности в водных путешествиях», Москва, 1976 год, В.Н. Григорьев, Р.И. Севастьянов.

3. «Снаряжение туриста-водника», Москва, 1976 год, В.Н. Григорьев.

4. «Плавание», Москва, 1979 год, Л.П. Макаренко.

5. «Надувные лодки в туристском путешествии», Москва, 1979 год, Ю.М. Стахов.

6. «Туристские разборные парусные суда», Москва, 1987 год, В.М. Перегудов.

7. «Мы плывём под парусами», Москва, 1989 год, Н.Н. Щербаков.

## **«Спорттық бағдарлау» үйірмесі бағдарламасы**

### **Түсінік хат**

Бағдарлама ІҮ-Х сынып оқушыларына арналған. Жастар мен ересектердің нормативті тапсырмаларды орындауға қажетті білім, икем-дағдылар туралы мәлімет беріледі. Бағдарлама дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне, үйірме жетекшілеріне ұсынылады.

Үйірменің негізгі мақсаттары:

- Оқушыларды спорттық бағдарлама үйірмесіне көптеп тарту;
- Ерік-жігер қасиеттерін дамыту;
- Денелерін шынықтыру;
- Жан-жақты дене тәрбиесін беру;
- Спортшы шеберлерді дайындау;
- Нұсқаушылар мен спорттық бағдарлама бойынша төрешілер дайындау.

Спорттық бағдарлау спорт арқылы денсаулықты нығайтуға, табиғатты қорғай білуге тәрбиелейді.

### **«Спорттық бағдарлау» үйірмесінің оқу-тақырыптық жоспары.**

#### **1-оқу жылы**

№	Тақырыптың мазмұны	Сағат саны		
		Барлығы	Теория	Практика
1.	Қазақстандағы спорттық бағдарлау (бағдарлау туралы қысқаша түсінік)	2	2	-
2.	Спорттық жаттығудағы тазалық гигиенасы	2	2	-
3.	Табиғатты, мәдениет пен тарихи	6	2	4

	ескерткіштерді қорғау және зерттеу.			
4.	Бағдарлаушының топографиялық дайындығы	6	4	2
5.	Спорттық картаның шартты белгілері	10	6	4
6.	Жергілікті жер бедері,оның картада бейнеленуі	12	4	8
7.	Бағдарлаушының құралдары	4	1	3
8.	Бағдарлаушының техникалық дайындығы	20	6	14
9.	Бағдарлаушының тактикалық дайындығы	10	4	6
10.	Ерік-жігер жаттығуы	4	4	-
11.	Жалпы және арнайы дене дайындығы	26	4	22
12.	Жарыс ережелері	6	4	2
13.	Ойындар мен жаттығулар	18	2	16
14.	Білімдік жарыстар	18	2	16
	<b>Барлығы :</b>	<b>144</b>	<b>47</b>	<b>97</b>

### **«Спорттық бағдарлау» үйірмесі бағдарламасының мазмұны 1-оқу жылы**

**Қазақстандағы спорттық бағдарлау (қысқаша түсінік).** Спорттық бағдарлауға спорттың бір түрінде сипаттама. Спорттық бағдарлау-сауықтыру мен дене шынықтыру құралдары.

Спорттық жаттығудағы тазалық гигиенасы, дене шынықтыру түрлері. Жаттығу өтетін жерге, спорттық құралдарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. Жарақаттану, оның алдын алу.

*Практикалық сабақтар. Өзін-өзі бақылаудың түрлері. Әр түрлі жарақаттар алу кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.*

**Табиғатты, мәдениет пен тарихи ескерткіштерді қорғау және зерттеу.** Табиғатты қорғау туралы Заңмен танысу. Табиғатты қорғау. Туған өлкеге қысқаша географиялық сипаттама. оның ерекшеліктері. Тарихи жерлер. Ескерткіштерді қорғау.

Бағдарлаушының топографиялық дайындығы. Жоспар, карта. Топографиялық, спорттық карталар, масштабы. Картамен қашықтықты анықтау.

*Практикалық сабақтар. Топографиялық, спорттық карталармен танысу. Картадан қашықтықты анықтау дағдыларын қалыптастыру.*

**Спорттық картаның шартты белгілері. Шартты белгінің түрлері. Түсінік хат. Жергілікті белгілер,оның картада белгіленуі**

*Практикалық сабақтар: тақырыпты бекітуге арналған ойындар мен жаттығулар.*

**Жер бедері, оның картада бейнеленуі. Топографиялық және спорттық картада жер бедерінің бейнеленуі.** Жер бедеріне арналған шартты белгілер. Жер бедерінің жеке түрлері.

*Практикалық сабақтар: жер бедерін анықтауға арналған ойындар мен жаттығулар. Жер бедеріне есепке ала отырып, қозғалыс бағытын анықтау.*

**Бағдарлаушының саймандары.** Бағдарлаушының арнайы құралдары. Аяқ киім, бас киімге қойылатын талаптар. Құралды пайдалану ережелері. Планшет, оның құрылымы. Шаңғы, таяқ және шаңғы майын дайындау.

*Практикалық сабақтар: қарапайым планшеттерді өз бетімен құрастыру. Бағдарлаушының спорттық киімдері.*

**Бағдарлаушының техникалық дайындығы.** Спорттық карта, картаның масштабы. Картаны оқу. Компас, оны пайдалану. Тұрған жерді және қашықтықты анықтау. Қашықтықты адыммен, уақытпен анықтау. Азимут, азимутты анықтау. Азимут бойынша қозғалу.

*Практикалық сабақ: топографиялық және спорттық картамен танысу. Картаның көмегімен бағдарлау әдісі. Компаспен жұмыс. Азимутпен қозғалу. Картаны оқу әдістерін меңгеру. Ойындар мен жаттығулар.*

**Бағдарлаушының тактикалық дайындығы.** Алдағы жарыстар туралы ақпарат жинау. Мәредегі тактикалық дайындық, жер жағдайына қарай жүру жолын таңдау. Метеорологиялық жағдай.

*Практикалық сабақтар: бағдарлаушының тактикалық-техникалық дайындығын дамытатын ойындар мен жаттығулар.*

**Ерік-жігер дайындығы.** Денсаулықты нығайтуда, шыдамдылық пен төзімділікке үйретудегі спорттық бағдарламаның алатын орны.

**Жалпы және арнайы дене дайындығы.** Жан-жақты дене дайындығының маңыздылығы. Жас бағдарламашылар жаттығуының ерекшеліктері. Спорттық жаттығудың негіздері. Жалпы және арнайы жаттығудың жалпылама негіздері. Оқытудың түрлері мен әдістері. Жүгіру тәсілі. Орман ішінде жүгірудің әдістері, шаңғымен жүру тәсілдері.

*Практикалық сабақтар: жалпы және арнайы дене дайындығы. Спорттық ойындар, шаңғы дайындығы, спорттық жүріс, кедергілермен жүгіру.*

**Жарыс шарттары.** Мәре. Ересек топтар. Жарысқа жіберу. Жарысқа қатысушылардың міндеттері.

**Ойындар мен жаттығулар.** Қозғалыс ойындары. Жүріс, секіру, спорттық картамен ойын.

*Практикалық сабақтар: білім сайысында тактикалық-техникалық дайындықты дамыту.*

**«Спорттық бағдарлау» үйірмесінің оқу-тақырыптық жоспары**  
2-оқу жылы

№	Тақырып атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Теория	Практика
1.	Кіріспе	2	2	-
2.	Қазақстандағы спорттық бағдарлау. (бағдарлау туралы қысқаша мәлімет)	4	4	-
3.	Картаның түрі, картаның масштабы. Картамен қашықтықты анықтау.	10	4	6
4.	Спорттық картаның шартты белгілері	4	2	2
5.	Компас	4	2	2
6.	Картамен қашықтықты анықтау	4	-	4
7.	Картамен бағдарлау. Картамен жолды таңдау	6	-	6
8.	Спорттық бағдарлау жарысының түрлері	6	4	2
9.	Дәрігерлік бақылау. Спорттық жаттығудың тазалық гигиенасы	6	6	-
10.	Қашықтықты таңбалау.	8	4	4
11.	Қысқы бағдарлау түріне дайындық	8	-	8
12.	Жалпы дене дайындығы	20	-	20
13.	Спорттық ойындар	18	-	18
14.	Шаңғы жарысына дайындық	24	4	20
15.	Арнайы дайындық	18	2	16
16.	Техникалық дайындық	22	2	20
17.	Тактикалық дайындық (азимутпен қозғалыс, картамен қашықтық анықтау)	22	-	22
18.	Жарысқа қатысу, сайысты сараптау, қателіктерді талдау	16	-	16
19.	Жорықтар. Техникалық сайыс	14	-	14
	<b>Барлығы :</b>	<b>216</b>	<b>36</b>	<b>180</b>



## «Спорттық бағдарлау» үйірмесі бағдарламасының мазмұны 2-оқу жылы

### Кіріспе

Қазақстандағы спорттық бағдарлау. Бағдарлау туралы қысқаша мәлімет.

**Карта, оның түрлері. Спорттық карта. Картаның масштабы. Картамен қашықтықты анықтау. Топографиялық және спорттық карталар, масштабы.**

*Практикалық сабақтар: Картамен танысу, қашықтықты анықтау дағдысын дамыту.*

**Спорттық картаның шартты белгілері. Картамен негізгі шартты белгілерді зерттеу.**

*Практикалық сабақтар: ойындар мен жаттығулар.*

**Компас. Компаспен жұмыс істеу дағдылары. Картамен бағдарлау. Азимут.**

*Практикалық сабақтар: азимутпен қозғалу әдісін жүйелеу.*

**Жер бедерін анықтау.** Картамен қашықтықты анықтау. Жер бедерін анықтаудың ерекшеліктері. Жер бедерінің топтамасы. Сайыс өткізу ауданына байланысты жер бедерінің түрлері.

**Картамен жол таңдау.** Картамен бағдарлау. Спорттық картамен қысқа уақыт аралығында тиімді жолды тауып алу мүмкіндігі.

*Практикалық сабақтар: гимн ішінде картамен жұмыс.*

**Қашықтықты анықтау. Спорттық бағдарлама сайысының түрлері.** Орта қашықтық, спринт. Жарыстан соңғы қателіктерді сараптау. Эстафеталар.

**Дәрігерлік бақылау. Спорттық жаттығудың гигиенасы. Күн ережесі. Спортшының тазалық гигиенасы. Тамақтану ережесі, шынығу. Спорттық жарақаттар, оның алдын алу.**

*Практикалық сабақтар: Спортшының күнделігі, оны жүргізу.*

**Қашықтықты таңбалау.** Картамен тұрғылықты жерді анықтау.

**Бағдарламаның қысқы түріне дайындық. Шаңғы дайындығы.** Шаңғы жүрісінің тәсілдері. Шаңғы саймандарын дайындау, күтіп, баптау.

**Жалпы дене дайындығы. Кросс.**

*Практикалық сабақтар: Картамен жұмыс, азимутпен қашықтықты анықтау.*

**Шаңғы дайындығы.** Бағдарлаушы шаңғышыны жүріске дайындау. Арнайы жаттығулар. Шаңғышының жеке құрал-саймандары, оған қойылатын талаптар. (жылу сақтау, жел өткізбеу) Тау өзендері арқылы өтуді ұйымдастыру

**Жалпы жаттығулар. Бағдарламашының арнайы жаттығуы, жүгіру тәсілдері.**

**Техникалық дайындық.** Картамен жұмыс.

*Практикалық сабақтар: жаттығу қашықтығын жүгіріп өту.*

**Тактикалық дайындық.** Азимутпен қозғалу, қашықтықты анықтау, картамен жұмыс. Спортшының эстафетаға тактикалық дайындығы.

**Жарысқа қатысу.** Жарысты сараптау, қателіктерді талдау. Жарыс нәтижесіне сараптама. Топтың ары қарайғы жұмысын жоспарлау.

**Жорықтар.** Туристік техника. Жаяу жорық ұйымдастыру шарттары. Кедергілерден өту кезіндегі қауіпсіздік шарттары. Психологиялық және дене дайындығы. Құтқару жұмыстары.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Алёшин В.М., Калиткин Н.Н. Соревнования по спортивному ориентированию. М., Физкультура и спорт, 1974.

2. Богатов С.Ф., Крюков О.Г. Спортивное ориентирование на местности. М., Изд-во Министерства обороны, 1974.

3. Елаховский С.Б. Бег к невидимой цели. М., Физкультура и спорт, 1973.

4. Тыкул В.И. Спортивное ориентирование. М., Просвещение, 1990.

5. Алёшин В.М. Карта в спортивном ориентировании. М., Физкультура и спорт. 1983.

6. Лийса Вейялайнен. Зелёными маршрутами. М., Физкультура и спорт 1986.

7. Иванов Е.И. С компасом и картой. М., Изд-во ДОСААФ, 1990

## **«Таулы туризм» үйірмесінің оқу бағдарламасы**

### **Түсінік хат**

Үйірме жұмысының мақсаты І-ІІ деңгейлі таулы аймаққа жорыққа шығуға қабілетті жас саяхатшыларды даярлау

Үйірмеге YI-X сынып оқушылары қабылданады.

Сабақ кезінде жас туристер тау басында бағдарлау, құрал-саймандарды пайдалана білу тәртібі, тамақтану, алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу секілді икем-дағдыларды меңгереді. Қауіпсіздікті сақтау ережелерін оқып үйренеді.

Сабақ соңында оқушылар III дәрежелі таулы аймаққа шығып, жаяу жорық ұйымдастырады. Бұл жорықта тәрбиеленушілер алған білімдерін іс жүзінде пайдаланады (тау беткейінде өзін-өзі қорғау, тау өзенінен өту, арқанмен жұмыс т.б.).

### 1-оқу жылы

№ п/п	Тақырып атауы	Сағат саны			
		барлығы	Теор. сабақ	Практикалық сабақтар	
				ғимаратта	сыртта
1.	Мектеп туризмінің мақсаты мен міндеттері, ұйымдастыру формалары	2	2	-	-
2.	Тау туризмі, оның ерекшеліктері	2	2	-	-
3.	Тарихи, мәдени ескерткіштерді және табиғатты қорғау, зерттеу	8	2	-	6
4.	Жорық кезіндегі қоғамдық – пайдалы еңбек	2	-	-	2
5.	Қазақстандағы таулы аймақтар, саяхаттау мүмкіншіліктері	12	2	4	6
6.	Жорық болар аймақтың саяхаттау мүмкіншіліктері	2	-	-	2
7.	Топография және бағдарлау	6	2	-	4
8.	Жаяу жорыққа арналған құрал-саймандар	12	2	2	8
9.	Тау үстінде қозғалу тәсілдері және сақтану тәсілдері	46	4	4	38
10.	Таулы аймақта жорық кезінде тамақтану	6	2	-	4
11.	Таулы аймақта туристік лагер ұйымдастыру	8	2	-	6
12.	Тазалық гигиенасы және алғашқы дәрігерлік көмек	12	2	2	8
13.	Саяхат алды дене шынықтыру дайындығы	12	2	-	10
14.	Туристік слеттер мен жарыстар	8	4	-	6
15.	Саяхатты ұйымдастыру, өткізу және оның нәтижелері	6	2	2	-
	<b>Барлығы</b>	<b>144</b>	<b>32</b>	<b>10</b>	<b>102</b>

## «Таулы туризм» үйірмесі бағдарламасының мазмұны

1-оқу жылы

**Мектеп туризмін ұйымдастырудың формалары, міндеті және мақсаттары.** Туризм-мазмұнды демалыстың түрі. Туризмді дамыту тарихы. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың мүмкіндіктері. Туризм түрлері және маусымдары. «Таулы туризм» үйірмесінің жұмысы. Үйірмені ұйымдастырудың негізгі мәселелері.

**Таулы туризм, оның ерекшеліктері.** Таулы туризм мен жартасқа өрмелеу спортының даму тарихы. Туған өлкенің ауа-райы, жер бедері, өсімдік әлемі, жан-жануарлары, шекарасы мен аумағы, жер қыртысы, тұрғындары, пайдалы қазбалары, шаруашылығы, мәдениеті. Өлкенің өткені мен болашағы. тарихи жерлер, саяхат нысандары, қорықтар, мұражайлар. Туған жердегі көпкүндік жорықтар мен саяхаттар.

*Практикалық сабақтар. Ұлы отан соғысы тарихынан сыр шертетін мұражай, тарихи жерлерге бару, тарихпен танысу.*

**Табиғатты, мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау және зерттеу. ҚР конституциясы-табиғатты қорғау және зерттеу туралы. Табиғатқа құрмет-Отанға құрмет. Табиғат тәрбие бесігі. Өлкенің табиғи байлықтары-білім көзі.**

*Практикалық сабақтар. Саяхатшылардың табиғатты қорғау ісіне араласу формалары. Орманды тазалау, өрт қауіпсіздігі, зиянкестерге қарсы күрес, тал-терек отырғызу (туристер аллеясы). Өсімдіктер, жануарлар әлемі мен су қоймаларын қорғау. Табиғатты қорғауды насихаттау. Археологиялық ескерткіштер, ежелгі қорымдар, көпірлер олардың тарихи құндылығы. Тарихи оқиғалардың куәгерлерімен, мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру.*

**Жорықтағы қоғамдық-пайдалы еңбек.** Жорық кезіндегі өлкетану жұмыстарының міндеттері. Қоғамдық-пайдалы еңбектің түрлері: концерт, әңгімелесу, тұрғындарға көмек беру.

*Практикалық сабақтар: гербарий жинау, жәндіктерді сақтау.*

**Қазақстанның таулы аймақтары, олардың саяхаттағы мүмкіндіктері. Солтүстік және батыс Тянь-Шань. Жоңғар Алатауы.** Жоталар, өзендер, жазықтар, климат. Мектеп туризмі және «Таулы туризм» үйірмесінің болашағы.

*Практикалық сабақтар. Таулы аймақтың топографиясын зерттеу. Мұздақтарды, асуларды, жартастарды, өзен-көлді, өсімдік әлемін тану және сипаттау.*

**Жаяу жорық ұйымдастырылатын аймақтың туристік мүмкіншіліктері:** жалпы жер бедері, тау жоталары, ауа-райы.

**Топография және бағдарлау.** Топография туралы жалпы мәлімет (карта, сызба, географиялық координаттар) компас және оның құрылымы. Азимут. Сызбада және картада жер бедерін бейнелеу. Топографиялық белгілер.

*Практикалық сабақтар: компаспен, картамен жұмыс. Өзіңнің тұрған жеріңді бағдарлау. Картадан және компаспен биіктікті, мұздақтарды, тұрған жерді анықтау. Азимут: тікелей және кері байланыс.*

**Таулы жердегі жаяу жорыққа арналған құрал-саймандар.** Түрлері. Топқа және жеке адамға арналған құрал-саймандар. Күрке құралдары: шатыр, ұйықтайтын қап, жылу ұстағыш төсеніш, тамақ, от жағу құралдары. Туристің киімдері. Қауіпсіздік құралдары: мұзойғыш, көмекші арқандар, карабиндер, күннен қорғайтын көзілдірік. Жорық кезінде құрал-саймандардың сақталуы. Жөндеу құралдары.

*Практикалық сабақтар: тау жорығына арналған құралдармен танысу. Оларды жүк салғышқа реттеп салу, тасымалдау, сақтау, жөндеу.*

**Тауда қозғалу тәсілдері, сақтық шаралары. Сақтандырғыш саймандар: көмекші, негізгі арқандар, мұзойғыш. Сақтану түрлері: өзін-өзі сақтау, өз ара сақтандыру, жолдасын сақтандыру, топтық сақтану. Сақтық шарасы кезіндегі саяхатшының міндеті. Жорық түріне орай сақтандырудың түрлері.**

*Практикалық сабақтар: сақтық шараларын және өз ара сақтануды қайталау. Шалғынды жермен қозғалу. Тау үстінде қозғалу ережелері (жер бедеріне қарай қозғалыс жылдамдығы, ара қашықтық, бұрылыстар, мұзойғышты қолдану, демалысты ұйымдастыру.)*

*Қар үстінде қозғалу, жүріс қарқыны. Жылына, күніне қарай қар жамылғысына сипаттама, қар көшкіні түрлері, қарлы бөктердегі өзін-өзін ұстау.*

*Практикалық сабақтар: қар үстінде жүру, мұзойғышты қолдану, қар көшкінінің алдын алу. Өз ара қашықтықты қатаң сақтау, бақылау және дабыл жүйесі.*

Тау өзенінен өтуді ұйымдастыру. Тау өзені қауіпті кедергілердің бірі. Тау өзендерінің ерекшеліктері (тереңдігі, ағыс қарқыны). Өзеннен өту әдістері. Арғы бетке өтетін жерді таңдау, сақтық шаралары. Өту кезіндегі сақтық ережелері. Саяхатшының киімдері, аяқ киім.

*Практикалық сабақтар: қарлы көпірден, су үстінен, құлаған ағаш үстінен өту. Аспалы өткелдің құрылымы, беріктігі, тиімділігі.*

**Таулы туризм мен жаяу жорық кезінде тамақтану. Тамаққа қойылатын талаптар: құнарлылығы, сақталу ұзақтығы, тасымалдану қабілеттілігі. Кең таралған тамақ түрлерін пісіру тәсілдері.** Тамақты сақтау тәсілдері. Саяхатшының бір күндік тамақ

мәзірі. Таулы аймақта тамақтану ережесі. Жорық үсті тамақ қорын көбейту әдістері.

*Практикалық сабақтар: ас мәзірін әзірлеу, отқа тамақ пісіру, қауіпсіздік ережелері.*

**Таулы жерде туристік лагерь ұйымдастыру.** Күркеге қойылатын талаптар: қауіпсіздік, қолайлылық (суға жақын, шатыр орнатуға ыңғайлылық, ықтасын). Шалғынды жерде, орман-тоғайда түнемелікті ұйымдастыру, күркелердің орналасу тәртібі оларға саяхатшыларды бөлу. Алау жағу, оның түрлері. Алауды желді күндері жағу тәсілдері, шатырды, күркені желден қорғау, алау басындағы қауіпсіздік ережелері. Отқа киімдерді кептіру, алау басындағы кезекшілік.

*Практикалық сабақтар: талапқа сай күркелер тұрғызу. Алау басында желден қорғайтын қабырға тұрғызу.*

**Жорық кезіндегі тазалық және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.** Жалпы тазалық. Киім, аяқ киім, тамақ, ауыз су тазалығы. Демалу, тамақтану тәртібі. Тау жорығы кезінде жарақат алу, негізгі ауру түрлері. Ауру мен жарақат алудың алдын алу, дәрігерлік көмек көрсетудің жолдары мен әдістері. Дәрігерлік қорапша.

*Практикалық сабақтар: қан тоқтату, жасанды дем алдыру, жараны таңу.*

**Таулы аймақта туристің дене шынықтыру дайындығы.** Дене шынықтырудың маңыздылығы. Жалпы және арнайы дене дайындығы. Жыл бойғы және маусымдық дене шынықтыру жүйесінің міндеті мен мазмұны. Төзімділік, шыдамдылық жаттығулары.

*Практикалық сабақтар: дене тәрбиесінің жүйесіне қарай жүргізіледі.*

**Туристік слеттер мен жарыстар.** Слет-туризмді белсенді насихаттаудың тиімді құралы. Слет туралы ереже. Қазылар алқасының жұмысы. Жарысты қорытындылау.

*Практикалық сабақтар: төменгі сынып оқушыларымен туристік сайыстар өткізу, аудандық мектеп оқушыларының жарыстары кезінде сайысқа төрелік жасау.*

**Саяхатқа дайындық, оны өткізу, қорытындылау. Саяхатты ұйымдастыруға қатысты құжаттар.** Саяхат ұйымдастырудың ережелері. Оқушылармен саяхатқа, жорыққа шығудың тәртібі, нұсқаулығы. Топ жасақтау, міндеттер бөлісу, дәрігерлік тексеріс. Жорықтың мақсаты, міндеттері, бағыттары, тапсырмалар.

Жорық өтер аудан туралы ақпарат жинау: жер бедері, ауа-райы, жергілікті өлкетанушылармен байланыс. Жол шығынын есептеу, саяхаттың күнтізбелік жоспарын бекіту. Жүріп өтер жолдың тиімді бағытын анықтап алу. Қатысушыларды жоспармен таныстыру. Құрал-

сайманды, азық-түлікті жолға дайындау. Күнделік жүргізу. Өлкетанушылық, пайдалы-қоғамдық еңбек. Туристік әдеп. Табиғатты қорғау.

Саяхатты қорытындылау. Есеп беру. Фотостенд, газет шығару, фотоальбом. Саяхат туралы анықтама жазу. Саяхатшылардың кешкі бас қосуы: грамота, төсбелгі табыс ету.

Практикалық сабақ: күнтізбелік жоспар, есеп беру.

### «Таулы туризм» үйірмесінің оқу тақырыптық жоспары 2-оқу жылы

№ п/п	Тақырып	Сағат саны			
		барлығы	Теория сабақ	Практикалық сабақ	
				Бөлме ішінде	Сыртта
1.	Дүние жүзі және ҚР тау жүйелері. Тау туризмінің мүмкіншіліктері	2	2	-	-
2.	Тау бедерінің пайда болуы, элементтері мен формалары	2	2	-	-
3.	Жорық өтер аймақтың туристік саяхатқа мүмкіндігі, оған сипаттама	8	2	-	6
4.	Таудағы топография және бағдарлау	10	-	-	10
5.	Тау жорығы кезіндегі қауіпті сәттер, қауіпсіздікті сақтаудың әдіс-тәсілдері, ережелері	12	2	4	6
6.	Тау жорығына арналған құралдар	12	2	2	8
7.	Тау жорығында тамақтану	8	4	-	4
8.	Тау жорығында аялдамалар және түнеу	12	2	2	8
9.	Тау жорығының тактикалары	46	4	4	38
10.	Тау жорығында қозғалу ережелері, кедергілерден өту әдістері	46	4	4	38
11.	Таулы аймақта туристік лагер ұйымдастыру	8	2	-	6
12.	Жорық кезіндегі тазалық, алғашқы дәрігерлік көмек	16	4	4	8
13.	Тау жорығына психологиялық дайындық	16	4	-	12
14.	Туристік слеттер мен сайыстар	10	4	-	6
15.	Тау жорығына дайындық, өткізу қорытындылау	8	4	4	-
	<b>Барлығы</b>	<b>216</b>	<b>42</b>	<b>24</b>	<b>150</b>

Дүние жүзі мен ҚР тау жүйелері, олардың саяхаттауға арналған мүмкіндіктері. Белгілі тау жүйелеріне жалпы сипаттама (Альпі, Гималай, Қарақорым, Гиндукуш, Атласс таулары, Килиманджаро, Кавказ, Памир, Тянь-Шань, Алтай). Олардың географиялық ерекшеліктері. Туризмді дамытудың болашақ жоспарлары.

Тау жыныстарының пайда болу үрдістері. Тау бедері, элементтері, формалары. Таудың пайда болуы туралы мәлімет. Тау бедерінің негізгі элементтері: биіктік, шың, қабырға, контрфорс, қабырға. Мұздақ оның түрлері: ашық, жабық.

Мұздақтың ерекшеліктері, жарықшақтар оның түрлері.

*Практикалық сабақтар:* «Тау рельефтерінің түрлері» тақырыбында тау үстінде сабақ өткізу.

**Жаяу жорық өтетін ауданның туристік мүмкіндіктері, оған жалпы сипаттама.** Негізгі тау жоталары, климат, тарихи жерлер, саяхат нысандары. Аудандағы халыққа кеңінен белгілі туристік маршруттар.

**Топография және таудағы бағдарлау.** Топография туралы негізгі мәліметтер. Сызба бетінде, картада тау бедерін бейнелеу. Топографиялық белгілер. Тау бедерінің ерекше формалары мен элементтерін карта мен сызбаға түсіру (сай, мұздақ, шатқал).

*Практикалық сабақтар:* тау басында картамен, компаспен жұмыс. Тұрған жерді бағдарлау. Картаның, компастың көмегімен аңғар, шатқал, мұздақтың бедерін анықтау. Фотоға түсіру.

Таудағы негізгі қауіп-қатерлер, жорық кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тәсілдер мен құралдар. Жер бедеріне қатысты қауіптер: Қар көшкіні, сел, мұз түсуі, мұздақтағы жарықшақтардың ашылып, жабылуы. Ауа-райына қатысты қатерлер: жел, жауын, тұман. Биіктікке байланысты туындайтын қауіптер: гипоксия (тау ауруы), радиация (күн сәулесі). Күннің тез батуына байланысты, саяхатшының нашар даярлығына байланысты, олардың қате шешім қабылдауы, топтың дұрыс жасақталмауына байланысты, тұрмыстық жәйіттерге қатысты қауіп-қатерлер (улы, қауіпті жәндіктер, ыстық тамаққа күйіп қалу, үсікке ұшырау).

Жорық кезіндегі тәртіп. Жартаспен, мұздақ үстімен қозғалғанда, жаңбыр, тұман қараңғылық кезіндегі жүрісте сақтық шаралары.

Практикалық сабақтар: жаттығу жорықтары кезінде жекелей және топтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қайталанатын. Ауа-райы нашар кездегі қозғалыс тәсілдері. Күрке тұрғызу, отын дайындау, шатыр тұрғызу, тамақ пісіру кездеріндегі сақтық шаралары.

Тау жорығына арналған құрал-саймандар, олардың түрлері, қолдану мақсаттары. Күркеге қажетті саймандар (шатыр, асхана жабдықтары).



Тау саяхатшысының киімдері. Арнайы құралдар. Оларды күтіп ұстау, жөндеу құралдары.

*Практикалық сабақтар: Құрал-саймандармен жұмыс істеу тәсілдері, оларды жинау, тасымалдау, жөндеу.*

**Тау жорығында тамақтану.** Тамаққа қойылар талаптар: құнарлылық, ұзаққа сақталуы, тасымалдануы. Жорыққа арналған тамақты бөліп қою. База аралық тамақ қоймасын ұйымдастыру. Жорық кезінде тамақ қорын көбейту.

*Практикалық сабақтар: жорыққа алынатын тамақ түрлері, ас мәзірі.*

**Жорық кезіндегі аялдама және түнеу.** Қойылатын талаптар, қауіпсіздік. Орман, мұздық аумағында түнеудің ерекшеліктері. Аялдамаға қойылар талаптар: су, отынның болуы, желден ықтасын. Алау жағу, түрлері. Қалыпты және қолайсыз жағдайда от жағу және қауіпсіздік. Киімді отқа кептіру, алау басындағы кезекшілік.

Практикалық сабақтар: күрке тұрғызу, алау жағудан жарыс.

**Тау жорығының тактикасы.** Тактиканың мақсаты мен міндеттері, жыл мезгілімен, топтың даярлығымен байланысы. Тактикалық жоспардың негізгі міндеті - белгіленген маршрутты қауіп-қатерсіз жүріп өту. Орман ішінде, тау шалғынында, қар үстінде қозғалысты ұйымдастырудың маңыздылығы.

Жол бастаушы мен жорық соңындағы адамның қызметі. Жетекшінің рөлі. Қозғалысқа ауа райының әсері. Асудан өту тәсілдері. Тиімді жолды таңдаудың маңызы. Белгіленген жолды жүріп өтуге ыңғайлы күн мезгілін дұрыс таңдау.

*Практикалық сабақтар: маршрутты жүріп өтудің тактикалық жоспары. Қозғалыс жоспарын талқылау.*

**Тау жорығында кедергілерден өту тактикасы. Сақтану, өзің-өзі сақтандыру шараларының негіздері. Сақтануды қамтамасыз ететін құралдар. Сақтану түрлері. Сақтану кезіндегі саяхатшының міндеті. Ауа райына байланысты сақтану тәсілдері.**

Тау бедерінде қозғалу әдістері-шөпті, шалғынды жер. Қозғалыс тәртібінің негіздері.

Практикалық сабақтар: шалғынды жермен қозғалу тәртібі. Мұзойғыш көмегімен сақтану жолдары.

Практикалық сабақтар: жартаспен қозғалудың негізгі ережелері.

Мұз үстінде қозғалу. Арнайы сайманды пайдалану. Тірек нүктелері-қармақ қағу. Маусымға, күн уақытына қарай мұздың ерекшеліктері. Мұз үстіндегі қозғалыс уақытындағы кездесетін қауіп-қатерлер.

*Практикалық сабақтар: қозғалыс тәртібі. Қармақ қағу, қармақ көмегімен сақтану.*

**Таулы аймақта туристік лагерь ұйымдастыру.** Күркеге қойылатын талаптар: қауіпсіздік, қолайлылық (суға жақын, шатыр орнатуға ыңғайлылық, ықтасын). Шалғынды жерде, орман-тоғайда түнеуді ұйымдастыру, күркелердің орналасу тәртібі оларға саяхатшыларды бөлу. Алау жағу, оның түрлері. Алауды желді күндері жағу тәсілдері, шатырды, күркені желден қорғау, алау басындағы қауіпсіздік ережелері. Отқа киімдерді кептіру, алау басындағы кезекшілік.

*Практикалық сабақтар: күрке тұрғызу, алау жағушылар жарысы. Қолдан ықтасын тұрғызу.*

**Жорық кезіндегі тазалық және алғашқы дәрігерлік көмек.** Тау климатының ерекшеліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Жеке бас тазалығын сақтау. Тамақтану ережесі, демалыс. Сауығудың қалыпты жағдайлары. Акклиматизация. Тау ауруы. Тау жорығында кездесетін жарақаттар мен ауру түрлері, алғашқы көмек көрсету. Зардап шегушіні тасымалдау.

*Практикалық сабақтар: алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, зардап шегушіні тасымалдау.*

**Тау жорығына психологиялық және дене дайындығы.** Саяхатшыға дене дайындығының қажеттілігі. Жыл бойғы дайындық. Бұлшық етті жетілдіру, дұрыс демалу. Шыдамдылық және төзімділік.

Психологиялық дайындықтың маңыздылығы. Саяхатшылардың психологиялық өз ара сәйкестігі. Басшымен қатысушылардың өз ара қарым-қатынасы. Топ жетекшісі туралы түсінік. Қиындықты жеңе білуге психологиялық дайындық.

*Практикалық сабақтар: бұлшық етті және буындарды нығайтуға арналған жаттығулар (жүгіру)*

**Туристік слеттер мен жарыстар.** Слет-туризмді белсенді насихаттаудың тиімді құралы. Слет туралы ереже. Қазылар алқасының жұмысы. Жарысты қорытындылау.

Практикалық сабақтар: төменгі сынып оқушыларымен туристік сайыстар өткізу. Аудандық мектеп оқушыларының жарыстары кезінде сайысқа төрелік жасау.

Саяхатқа дайындық, оны өткізу, қорытындылау. Саяхатты ұйымдастыруға қатысты құжаттар. Саяхат ұйымдастыру ережелері. Оқушылармен саяхатқа, жорыққа шығудың тәртібі, нұсқаулығы. Топ жасақтау, міндеттер бөлісу, дәрігерлік тексеріс. Жорықтың мақсаты, міндеті, бағыты, тапсырмалар.

Жорық өтер аудан туралы ақпарат жинау: жер бедері, ауа-райы, жергілікті өлкетанушылармен байланыс. Жол шығынын есептеу, саяхаттың күнтізбелік жоспарын бекіту. Жүріп өтер жолдың тиімді бағытын анықтап алу. Қатысушыларды жоспармен таныстыру.

Құрал-сайманды, азық-түлікті жолға дайындау. Күнделік жүргізу. Өлкетанушылық, пайдалы-қоғамдық еңбек. Туристік әдеп. Табиғатты қорғау.

Саяхатты қорытындылау. Есеп беру. Фотостенд, газет шығару, фотоальбом. Саяхат туралы анықтама жазу. Саяхатшылардың кешкі бас қосуы: грамота, төсбелгі табыс ету.

Практикалық сабақ: күнтізбелік жоспар, есеп беру.

**Саяхатқа дайындық, оны өткізу, қорытындылау. Саяхатты ұйымдастыруға қатысты құжаттар.** ҚР территориясында саяхат ұйымдастырудың ережелері. Оқушылармен саяхатқа, жорыққа шығудың тәртібі, нұсқаулығы. Топ жасақтау, міндеттер бөлісу, дәрігерлік тексеру. Жорықтың мақсаты, міндеті, бағыты, тапсырмалар.

Жорық өтер аудан туралы ақпарат жинау: жер бедері, ауа-райы, жергілікті өлкетанушылармен байланыс. Жол шығынын есептеу, саяхаттың күнтізбелік жоспарын бекіту. Жүріп өтер жолдың тиімді бағытын анықтап алу. Қатысушыларды жоспармен таныстыру. Өтілген маршрутты күн сайын талдап отыру. Құрал-сайманды, азық-түлікті жолға дайындау. Күнделік жүргізу. Өлкетанушылық, пайдалы-қоғамдық еңбек. Туристік әдеп. Табиғатты қорғау. Жорық алды жаттығу.

Саяхатты қорытындылау. Есеп беру. Фотостенд, газет шығару, фотоальбом. Саяхат туралы анықтама жазу. Саяхатшылардың кешкі бас қосуы: грамота, төсбелгі табыс ету.

Практикалық сабақ: күнтізбелік жоспар, есеп беру.

**Жорыққа шығу.** Жолжазба, күнделік. Жорықтағы туристік әдеп. Қоғамдық-пайдалы еңбек.

*Практикалық сабақтар: Сабақ үстінде үйірме мүшелері жорық құжаттарын дайындайды. Құрал-саймандарды тексереді, жөндейді, сынақтан өткізеді. Әр тарау бойынша жауаптылар есеп дайындайды.*

### Қолданылған әдебиеттер

1. Абалаков В.М. Основы альпинизма. Москва, «Физкультура и спорт», 1958.
2. Бардин К.В. Азбука туризма. Москва, «Просвещение», 1986.
3. Безносиков Е.Я., Булатов В.Г., Ганопольский В.И. Туризм и спортивное ориентирование. Учебник для вузов. Москва, «Физкультура и спорт», 1987.
4. Васильев И.В. В помощь организаторам и инструкторам туризма. М Москва, «Профиздат», 1973.
5. Волков Н.Н. Спортивные походы в горах. Москва, «Физкультура и спорт», 1974.

6. Гранильщиков Ю.В. и др. Горный туризм. Москва, «Физкультура и спорт», 1966.
7. Инструкция по организации и проведению туристских походов, путешествий и экскурсий с учащимися общеобразовательных школ.
8. Кропф Ф.А. Спасательные работы в горах. Москва, «Физкультура и спорт», 1966.
9. Маринов Б. Проблемы безопасности в горах. Москва, «Физкультура и спорт», 1981.
10. Меньчуков А.Е. В мире ориентиров. Москва, «Недра», 1979.
11. Методические рекомендации: «Организация и подготовка спортивного туристского похода», Москва, «Турист», 1993.
12. Методические рекомендации по организации горного путешествия. Москва, «Турист», 1979.
13. Методические рекомендации: «Переправы вброд через водные преграды». Москва, «Турист». 1984.
14. Методические рекомендации по программе «Инструктор школьного туризма», Алматы, 1991.
15. Методические рекомендации: «Физическая культура и массовые виды спорта как важнейший элемент формирования ЗОЖ», Астана, 2003
16. Моргунов Б. П. Туризм. Москва. «Просвещение», 1978.
